## Түйінді оқиғалар

**ШалқияЦинк**

ҚҚ жабдығына базалық инжиниринг есебі алынды

**Серіктестерді тарту**

Lidya – Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Ынтымақтастық консорциум құру жолымен жоспарлануда.

**ШалқияЦинк**

Технологиялық жабдықты жеткізу жөніндегі шарттың түпкілікті сомасы айқындалды

**ШалқияЦинк**

Тау-кен жұмыстарына қытайлық JCHX/CECC консорциумымен шартқа қол қойылды.

**Алайғыр**

ұсақтау, флотациялау, сусыздану учаскелері, зертхана бойынша EPC-келісімшарт бойынша жабдықтардың бір бөлігі жеткізілді.

**Lidya**

Lidya-мен мәмілені заңмен сүйемелдеу үшін консультациялық қызметтерді сатып алуға конкурс жарияланды

**Сәуір** → **Мамыр** → **Маусым** → **Шілде** → **Шілде** → **Тамыз** → **Желтоқсан** → **Қаңтар** → **Ақпан** → **Наурыз**

**Серіктестерді тарту**

Discovery Ventures Kazakhstan компаниясымен ынтымақтастық аясында 4 лицензия қайта ресімделді.

**Шалқия**

ҚҚ бойынша «П» сатысындағы Мемсараптаманың оң қорытындысы алынды.

**ШалқияЦинк**

Технологиялық жабдықты жеткізу жөніндегі шарттың түпкілікті сомасы айқындалды

**Fortesque**

Ақтөбе және Қызылорда облыстарындағы Валерьянов алаңында бұрғылау жұмыстары басталды.

**Tau-Ken Temir**

кремний зауытының ағымдағы жай-күйіне технологиялық аудит жүргізілді.

**Tau-Ken Temir**

кремний зауытын қайта кезең-кезеңмен іске қосу бағдарламасы мақұлданды.

## 2023 жылғы 3 айдағы қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері

### Қызметтің негізгі көрсеткіштері*

**Au** — **Алтын өндіру**
Ф 384 *6%*
Ж 348 *10%*
*мың унция*

**Ag** — **Күміс өндіру**
Ф 2,4 *10%*
Ж - *-%*
*мың унция*

**Түсім**
Ф 185 *13%*
Ж 144 *28%*
*млрд теңге*

**EBITDA**
Ф 5,0 *79%*
Ж 71 *251%*
*млрд теңге*

**CAPEX**
Ф 3 049 *14%*
Ж 14 486 *79%*
*млн теңге*

**Қарыздар**
Ф 52 482 *3%*
Ж 148 772 *65%*
*млн теңге*

### Өндірістік нәтижелер




1. Аффинаждық алтын өндіру сатып алу (215 мың унция) және алыс-беріс (168 мың унция) шикізатын қайта өңдеуді қамтиды.
2. 2023 жылғы 3 айда алтын өндірісінің ұлғаюы тазартылған алтынды жеткізу көлемінің өсуіне байланысты.
3. Күміс өндіру ілеспе қызмет болып табылады.
4. Металлургиялық кремний өндірісі жүзеге асырылмаған *(кремнийге баға белгілеудің төмендеуінен 2019 жылғы 4-тоқсанда тоқтатылды).*

** Ф – өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда өсу фактісі мен пайызы, П – жоспар және жоспардың орындалу дәрежесі*

## Қаржылық көрсеткіштер

| млн теңге | № | 2022 3АЙ | 2023 3АЙ | Өзг. | 2023 Ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Түсім | [1] [2] | 212 629 | 184 946 | *-13%* | 764 153 |
| Өзіндік құны | [3] | 208 085 | 185 058 | *-11%* | 761 201 |
| Жалпы пайда | [4] | 4 544 | -112 | *-102%* | 2 951 |
| Жалпы пайда бойынша рентабельділік | | *2,1%* | *-0,1%* | *-103%* | *0,4%* |
| EBITDA | | 23 616 | 4 995 | *-79%* | -13 654 |
| EBITDA бойынша рентабельділік | | 11% | 3% | *-76%* | -2% |
| Таза пайда | [5] | 21 711 | 7 321 | *-66%* | -3 530 |
| Таза пайда бойынша рентабельділік | | 10% | 4% | *-61%* | 0% |
| Операциялардан таза ақша ағыны | [6] | 1 074 | -1 564 | *-246%* | -4 464 |
| Күрделі шығындар | [7] | 3 534 | 3 049 | *-14%* | 114 029 |
| **млн теңге** | **№** | **22 ж.31 наурыз** | **23 ж.31 наурыз** | **Өзг.** | **2023Ж желтоқсан** |
| Қарыздар | | 21 716 | 51 482 | *137%* | 148 772 |
| Меншікті капитал | | 798 724 | 659 503 | *-17%* | 723 158 |
| Активтер | | 854 993 | 745 754 | *-13%* | 891 376 |

### Қаржылық коэффициенттер

| *Борыш/ Капитал* | *Борыш / EBITDA* | *EBITDA/Пайыздар* | *ROACE* | *ROE* | *Ағымдағы өтімділік* |
|---|---|---|---|---|---|
| 0,1 | 7,3 | (0,03) | 1% | 1% | 1,9 |

1. Түсім құрылымында негізгі үлесті алтынды сатудан түскен кіріс (99%-ға жуық) құрады..
2. Түсімнің қысқаруы негізінен тазартылған алтынды сату көлемінің 12%-ға төмендеуімен байланысты. Бұл ретте 2023 жылғы 3 айдағы орташа баға бір унция үшін $1 882 құрады. Өткен жылдың сәйкес кезеңінде - $1 877.
3. Өзіндік құн құрылымында құрамында алтын бар шикізатты сатып алуға жұмсалатын шығыстар басым болды (99%-дан жоғары). Басқа негізгі шығындар еңбекке ақы төлеу шығыстарымен, негізгі құралдардың тозуымен және тазартылған алтынды өндіру кезінде пайдаланылатын материалдармен ұсынылды.
4. Жалпы пайда бойынша динамика АҚШ долларына қатысты ҚР ұлттық валютасы бағамының (теңге) нығаюынан туындады.
5. Пайданың төмендеуі қауымдасқан ұйымдардан үлестік шығын алумен және құнсыздану бойынша резервтер құрумен байланысты.
6. Операциялық қызметтен түсетін таза ақша ағынының төмендеуі ТМҚ қалдықтарын төмендету жолымен баға тәуекелін азайту мақсатында Тау-Кен Алтын қабылдаған шаралармен байланысты.
7. Есепті кезеңде жұмсалған күрделі шығындар Шалқия, Алайғыр және Солтүстік Катпар инвестициялық жобаларын іске асыру бойынша шығындармен ұсынылған («Күрделі шығындар» бөлімін қараңыз).

## Күрделі шығындар

*млн теңге* **2023 жылғы 3 айдағы факт**




### ШалқияЦинк

**2023 ж. 3 ай** – шығыстар негізінен тау-кен күрделі жұмыстарын жүргізуге (ТКЖ), базалық инжинирингке және қарызға қызмет көрсету бойынша шығындарға берілген.

**2023 ж.** – ҚҚ және ХХ құрылысына арналған тендерлік рәсімдердің аяқталуы, БШМ сатып алуға арналған тендерлік рәсімдердің іске қосылуы күтілуде.

### Алайғыр

**2023 ж. 3 ай** – күрделі шығыстар негізінен технологиялық жабдықпен, ЖӨК және ҚҚ ҚМЖ ұсынылды.

**2023 ж.** – Жобаның түйінді параметрлерін өзектендіру; ҚҚ және ХХ бойынша тендерлік рәсімдерді өткізу және жұмыстарды ҚМЖ-ны аяқтауға шарттар жасасу; негізгі технологиялық жабдықты жеткізу және өнеркәсіптік алаң объектілері бойынша ҚМЖ аяқтау.

### Солтүстік Катпар және Жоғарғы Қайрақты

**2023 ж. 3 ай** – Жоғарғы Қайрақты кен орнында тау-кен жұмыстарының жоспарын және жою жоспарын әзірлеу бойынша жұмыстар және Feasibility Study есебін әзірлеу бойынша жұмыстар (3-кезең), оның ішінде Солтүстік Катпар кен орнында жұмыстар жүргізілді.

**2023 ж.** – JORC кодексінің стандарттары бойынша Солтүстік Катпар және Жоғарғы Қайрақты кен орындарының қорларын бағалауды қамтитын Feasibility Study есептерін әзірлеу бойынша жұмыстар аяқталады деп күтілуде. Мемлекеттік сараптамадан өтумен Солтүстік Қатпар кен орнының ТЭН-ді әзірлеу жөніндегі жұмыстарды аяқтау.